

"Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндеттін атқарушының 2019 жылғы 15 наурыздағы № 64 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 17 ақпандағы № 52 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 21 ақпанда № 31949 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндеттін атқарушының 2019 жылғы 15 наурыздағы № 64 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18405 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Кинематография туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің міндетін аткарушы  
2023 жылғы 17 акпандасы  
№ 52 бұйрықтың  
қосымшасы  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің міндетін  
аткарушының  
2019 жылғы 15 наурыздағы  
№ 64 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеу үшін оларды іріктеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеу үшін оларды іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Кинематография туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Кинематография туралы" Заң 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеу үшін оларды іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) кинематографиялық қызмет субъектісі – қызметінің негізгі түрлері: фильм және (немесе) киножылнама шығару, фильмді прокаттау, фильмді көрсетеу, фильмді қалпына келтіру, кинозалға техникалық қызмет көрсетеу, киноматериалдарды дайындау, фильмді шығару жөніндегі жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсетеу, кинематография саласындағы білім беру, ғылыми, зерттеу, баспа, жарнамалық-насихаттау қызметі, фильмді сақтау болатын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға; кинематографиялық үйим;

2) кинематографиялық үйим – қызметінің негізгі түрлері: фильм және (немесе) киножылнама шығару, фильмді прокаттау, фильмді көрсетеу, фильмді қалпына келтіру, кинозалға техникалық қызмет көрсетеу, киноматериалдарды дайындау, фильмді шығару жөніндегі жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсетеу, кинематография саласындағы білім беру, ғылыми, зерттеу, баспа, жарнамалық-насихаттау қызметі, фильмді сақтау болып табылатын занды тұлға;

3) киножоба – фильмді шығаруды және прокаттауды жүзеге асыруға негіз болатын құжаттар мен материалдардың (сценарий, режиссерлік экспликация, фильм шығаруға арналған смета, күнтізбелік-қойылымдық жоспар, маркетинг жоспары, көзбен шолу материалдары) жиынтығы (топтамасы);

4) өтінім – осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес қажетті құжаттар қоса берілетін кинематографиялық қызмет субъектілерінің өтініші;

5) өтініш беруші – осы Қағидаларға сәйкес киножобаларды қаржыландыру түріндегі мемлекеттік қолдауға өтінім берген кинематографиялық қызмет субъектісі;

6) уәкілетті орган – кинематография саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы (бұдан әрі – Орталық) – ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобалар мен ұлттық фильмдерге, оның ішінде жарғылық капиталында мемлекет жүз пайыз қатысатын, қызметінің негізгі түрі фильмдер шығару болып табылатын занды тұлғага мемлекеттік қаржылық қолдаудың жалпы жылдық сомасының жалпы көлемінің кемінде отыз бес пайызы мөлшерінде қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдауды ұсыну бойынша бірыңғай оператор.

## **2-тaraу. Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу тәртібі**

3. Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығаруды, оның ішінде жарғылық капиталына жүз пайыз мемлекет қатысатын, қызметінің негізгі түрі фильмдер шығару болып табылатын занды тұлғага мемлекеттік қаржылық қолдаудың жалпы жылдық сомасының жалпы көлемінің кемінде отыз бес пайызын құраған мемлекеттік қаржылық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Орталық құнтізбелік жылдың 1 наурызынан кешіктірмей ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурстық іріктеу) жариялады.

Жаңа киножобаларға қосымша бюджет қаражаты бөлінген жағдайда Орталық 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Қағидалармен белгіленген тәртіpte қосымша конкурстық іріктеу жариялады.

4. Конкурстық іріктеу төмендегі кезеңдерден тұрады:

1) конкурстық іріктеудің басталғаны туралы хабарландыруды Орталықтың интернет-ресурсында жариялау;

2) Орталықтың өтініш берушілерден өтінімдер қабылдауы;

3) Орталықтың осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтінімдерді қарауы;

4) конкурстық іріктеу нәтижелері туралы өтініш берушілерді хабардар ету.

Алдағы конкурстық іріктеу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) конкурстық іріктеуді ұйымдастырушының атауы;

2) өтінімді қабылдаудың басталу және аяқталу күні, уақыты;

3) мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін басым тақырыптар;

4) конкурстық іріктеу туралы ақпарат алу үшін Орталықтың байланыс телефондары

Орталықтың өтінімдерді қабылдау мерзімі хабарландыру орналастырылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

5. Конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтініш берушілер хабарландыруда көрсетілген өтінімдерді қабылдау аяқталған күні мен уақытынан кешіктірмей Орталықта қолма-қол және электронды түрде осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді, сондай-ақ келесі құжаттарды қоса енгізеді:

1) жеке тұлға үшін жеке басын қуәланыратын құжаттың көшірмесі немесе занды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) киножоба;

3) киножобаның аннотациясы;

4) шығармашылық топ туралы өмірбаяндық және шығармашылық-ақпараттық мәліметтер (түйінде, түсірілген фильмдер туралы ақпарат);

5) фильмнің түсірілім тобының құрамымен келісім туралы ниет шарттардың көшірмелері (қоюшы-режиссерлер, бас және атқарушы продюсерлер, қоюшы-операторлар, басты рөлдерді орындаушы актерлер, қоюшы-суретшілер) және олардың жеке басын қуәланыратын құжаттарының көшірмелері;

6) авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы күелік;

7) кинематографиялық қызметтің шетелдік субъектілермен бірлескен өндірістің киножобалары үшін барлық қосымша келісімдермен бірге киножобаны өндіруге әрбір қосалқы продюсердің қатысу үлесін міндетті түрде көрсете отырып, фильмді бірлесіп өндіру туралы шарт қосымша ұсынылады;

8) өтініш берушінің кинематография саласындағы іске асырылған жобаларының растайтын материалдарының болуы;

9) құжаттар мен материалдарды тапсыру күніне салықтық берешектің жоқтығы (бар болуы) туралы мәліметтер.

Осы Қағидалардың 5-тармағы 8) тармақшасындағы талаптар дебюттік фильмдерге қолданылмайды.

Өтініш берушілерге мынадай талаптар қойылады:

1) құқық қабілеттілігіне (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке тұлғалар үшін) ие болуы;

2) республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеңген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауы (мәліметтер Орталықпен тексерілерді).

6. Орталық өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес ұсынылған өтінім және оған қоса берілген құжаттар өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда қараусыз қайтарылады:

1) өтінімдерді қабылдау мерзімінен кейін Орталыққа келіп түскенде;

2) өтініш берушінің осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес келмейтін құжаттарды немесе құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуы;

3) өтініш берушінің анық емес немесе бұрмаланған ақпарат беруі.

7. Орталық өтінімдерді қарау мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған киножобаларды Орталық жаңындағы Сараптама кеңесінің (бұдан әрі – Сараптама кеңесі) қарауына енгізеді. Сараптама кеңесі ұсынылған киножобаларды 20 (жиырма) жұмыс күнінде қарайды.

8. Орталық Сараптама кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні Сараптама кеңесі отырысының өтетін күні, уақыты және орны туралы жазбаша хабардар етеді.

9. Сараптама кеңесінің отырысында киножобаларды таныстыру және олардың "Кинематография туралы" Заңың 14-бабы 1-тармағында көзделген негіздерге сәйкестігін қарау мақсатында қорғау жүзеге асырылады.

10. Отрыстың нәтижесі бойынша Сараптама кеңесі "Кинематография туралы" Заңың 14-бабы 1-тармағында көзделген негіздерге сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы дәлелдерді көрсете отырып, әрбір киножоба бойынша хаттамамен ресімделген тиісті қорытынды шығарады.

11. Сараптама кеңесінің қорытындысы отырыс өткізілген күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган құратын кинематография саласындағы мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Ведомствоаралық комиссия) қарауына Орталықпен енгізіледі.

12. Ведомствоаралық комиссия Орталық ұсынған Сараптама кеңесінің қорытындысын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және хаттамамен ресімделетін ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды қаржыландыру бойынша ұсынымдарды дайындайды.

13. Орталық Ведомствоаралық комиссияның отырысы өткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Сараптама кеңесінің қорытындысын және Ведомствоаралық комиссияның ұсынымдарын енгізеді.

14. Сараптама кеңесінің он қорытындысы мен Ведомствоаралық комиссияның ұсынымы негізінде уәкілетті орган 10 (он) жұмыс күні ішінде ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды қаржыландыру туралы шешім қабылдайды. Шешім уәкілетті органның бүйрекімен ресімделеді.

15. Бүйрек шыққаннан кейін жұмыс 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган Орталықпен ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі бірыңғай оператордың қызметтеріне,

оның ішінде жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, қызметінің негізгі түрі фильмдер шығару болып табылатын занды тұлғаның мемлекеттік қаржылық қолдаудың жылдық жалпы көлемінің кемінде отыз бес пайзызы мөлшерінде шарт жасасады.

16. Орталық уәкілетті органмен шарт жасасқаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушімен киножобаны қаржыландыруға шарт жасасады.

Ұлттық фильмдер деп  
танылуға үмітті киножобаларды  
шығару бойынша мемлекеттік  
қаржылық қолдау көрсету үшін  
оларды іріктеу қағидаларына  
Қосымша  
нысаны  
"Ұлттық киноны қолдау  
мемлекеттік орталығы"  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының  
Басқарма төрағасына

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар  
болса))

---

(занды тұлғаның толық атауы,  
занды тұлға басшысының тегі,  
аты, әкесінің аты (бар болса)  
немесе, жеке тұлғаның тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса))

### **Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды іріктеуге қатысуға өтінім**

Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды іріктеу мақсатында келесі киножобаны қарауды сұраймын:

---

(киножобаның атауы)

Жанры: \_\_\_\_\_

Фильм санаты \_\_\_\_\_

(әлеуметтік маңызы бар, бірлескен, көпшілікке арналған)

Фильмнің өндірушілері \_\_\_\_\_

Кинокомпания / киножобаның авторы: \_\_\_\_\_

Продюсер (лер): \_\_\_\_\_

Коюшы-режиссер (лер): \_\_\_\_\_

Сценарий авторы (лары): \_\_\_\_\_

Коюшы-оператор (лар): \_\_\_\_\_

Коюшы суретші (лер): \_\_\_\_\_

Музыкалық шығарманың авторы (лары): \_\_\_\_\_

Актерлер:

Киножобаны іске асыру мерзімдері

Кезең	Дайындық кезеңі	Тұсірілім кезеңі	Монтаждау-әрлеу кезеңі	Дистрибуция*
Бастап				
Дейін				

\* Фильмді дистрибуциялау бойынша барлық жұмыстарды Өтінім беруші бюджеттен тыс қаражат есебінен іске асырады.

Өндіріс

Формат	
Хронометраж, минут	
Тұсірілім орындары	
Тұсірілім күндерінің саны	

Маркетинг және сату

Фильмнің жас классификациясы	
Көрсетілім түрлері (кинотеатр, стриминг, теледидар және тағы басқалар)	
Аудиторияны қамту (көрермендер саны)	
Болжалды табыстар	

Өндірісті қаржыландыру көздері

Қаржыландыру	Сомасы, теңге.	Ұйым
"Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамынан сұралатын сома		
Продюсердің меншікті қаражаты		
Өтеусіз тартылған қаражат		
Кредиттік / қарыз қаражаты		
Қайтарылатын тартылған қаражат		
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінен бұрын алынған мемлекеттік қолдау		
Барлығы		

Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік

қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу Қағидаларының 5-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілетін құжаттар мен материалдардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің деректемелері \_\_\_\_\_

(занды мекен-жайы, пошта индексі, электрондық поштасы, телефондары)

---

(занды тұлға үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлға үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі).

Отініш беру күні: \_\_\_\_\_

Отініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Мөр орны (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК